

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

**Мектептегі психологиялық
қызметінің жылдық қорытынды
есебі**

Мектеп психологтары: А.К.Қарабаева

М.К.Абдрашимова

2022-2023 оқу жылы

Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі
Психологиялық қызметтің жоспар бойынша атқарылған жұмыстарының мазмұны мен
нәтижесі туралы қорытынды есебі
2022-2023 оқу жылы

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

«Зақым келтірмеу» қағидасын ұстана отырып, мәдени деңгейі жоғары қоғамдық өмірге бейімделген, интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мақсатқа жету үшін қойылатын міндеттер:

- Кәсіптік білімімді артырып отыру;
- Баланың психикалық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмек көрсету;
- Тұлғаның мотивациялық дамуына ықпал ету;
- Бала бойындағы сүйіспеншілік, шыдамдылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары:

1. Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаны жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара ерекшеліктерін де зерттеу.

2. Психологиялық алдын-алу.

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздікке ескерту жасау.

3. Психологиялық түзету және дамыту.

Мақсаты: Оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдарысы мен біліктілікті дамыту.

4. Психологиялық кеңес беру (консультация).

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

5. Психологиялық ағарту жұмыстары.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

Психодиагностикалық жұмыс мектептің 1 сыныбына қабылданатын балалардың оқуға дайындық деңгейін анықтау

2022-2023 оқу жылында 1- сыныптар арасында «Баланың мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтау» сауалнамасы жүргізілді.

Тақырыбы: «Баланың мектепке психологиялық дайындығын анықтау»

Мақсаты: Оқушылардың танымдық процестерінің даму деңгейі мен мектепке бейімделу кезеңіндегі туындаған қиындықтарымен психологиялық дайындықтарын анықтау.

Мектеп бойынша, 1 сыныптарда 128 оқушы, сауалнамаға 128 оқушы қатысты. Сауалнама 8 бөлімнен тұрады.

1. Графикалық диктант
2. Үлгі және ереже
3. Сурет бойынша әңгіме
4. Қарапайым түсініктегі білім деңгейі
5. Ер адамның бейнесі
6. Жазба әріптерге еліктеу
7. Нүктелер тобын көшіріп салу
8. К. Иерасек сауалнамасы

Сыныбы	1 «а»	1 «ә»	1 «б»	1 «в»	1 «г»	1 «д»	жалпы
Жоғары	17	18	17	15	20	15	102
Орташа	7	4	4	5	3	3	25
Төмен							1
Оқушы саны:	24	22	21	20	23	18	128

Қорытынды: Жалпы оқушылардың психологиялық дайындығы жоғары және орташа деңгейлерді көрсетті. Сауалнама бойынша «Р» әрпіне тілі келмейтін оқушылар анықталды. Атап өтсем: 1 «Ә» сыныбында Алдонғар Назерке, 1 «Б» сыныбында Рүстем Еркебұлан, Джазықбай Ерназар, 1 «В» сыныбында Қалқаман Хамза, Қаржаубай Ражаб, Мұрат Темірлан, Рахымберді Мансұр, Бейбіт Аяла, Якуб Абдурахим, 1 «Г» сыныбында Бейсенбек Таңшолпан, Төлеген Айдай, 1 «Д» сынып оқушылары Чары Ақылжан, Шалқарбай Нұрислам, Марат Нұртас, Құрбанбай Аида. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындық деңгейі, сынып жетекшілерге таныстырылды.

Ұсыныс:

1. Зерттеу нәтижесіне байланысты түзету жұмыстарын жүргізу.
2. Оқушы білімін көтеруде ата-ана тарапынан ат салысу, үнемі байланыста болу.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне кешенді зерттеу жұмысының нәтижесі:

2022-2023 оқу жылының қыркүйек, қазан айларында 5 сынып оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау үшін, психологиялық диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Атап айтқанда:

- 1) Дж. Морено «Социометрия» әдісі оқушылардың қарым-қатынас деңгейін, сынып көсемдері мен шеттетілген оқушыларды анықтау.
 - 2) Графикалық тест оқушының өзін-өзі бағалауын анықтау
 - 3) «Филлипс» тесті алаңдаушылық деңгейін анықтау
- Зерттеуге қатысқан сыныптар:
- 5 «А» - 24 оқушы сынып жетекшісі Айнұр Сарсенбиева
 - 5 «Ә» - 19 оқушы сынып жетекшісі Гүлжайна Піспекбаева
 - 5 «Б» - 23 оқушы сынып жетекшісі Базаркүл Тоқтағанова
 - 5 «В» - 20 оқушы сынып жетекшісі Қадір Үміт
 - 5 «Г» - 22 оқушы сынып жетекшісі Аида Кенжай

5 «Д» - 25 оқушы сынып жетекшісі Меруерт Қашағанова

Жалпы оқушылар саны: 133 оқушы

Зерттеуге қатысқан оқушылар саны: 133 оқушы

1) Дж. Морено «Социометрия» әдісі.

Мақсаты: сыныптағы оқушылардың қарым-қатынас деңгейін, сынып көсемдері мен шеттетілген оқушыларды анықтау.

Сыныбы	көсемдер	қалаулылар	байқалмайтындар	шеттетілгендер
5 «А»	4	15	5	
5 «Ә»	4	11	4	
5 «Б»	9	10	4	
5 «В»	5	13	2	
5 «Г»	4	14	4	
5 «Д»	3	15	7	
жалпы	29	78	26	

2) Графикалық тест

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау

Сыныбы	жоғары	адекватты	төмен
5 «А»	17	7	
5 «Ә»	11	8	
5 «Б»	8	15	
5 «В»	12	8	
5 «Г»	10	12	
5 «Д»	11	15	
жалпы	69	63	

3) «Филлипс» тесті

Мақсаты: оқушылардың мазасыздық және алаңдаушылық деңгейін анықтау

	8 фактор	5 «А»	5 «Ә»	5 «Б»	5 «В»	5 «Г»	5 «Д»
1	Жалпы мазасыздық						
2	Социалды стресс	75%	65%	72.2%	65%	58.3%	65%
3	Сәтсіздікке ұшырағандағы көңіл-күй	68.5%	83%	58.2%	72.9%	65%	52.3%
4	Білімін тексеруден қорқуы		55%	64.5%	55%	80%	75%
5	Өзін-өзі көрсете алмауы						
6	Қор. ор. пікіріне сәйкес кел. қал. қор.						
7	Стреске қарсы тұра алмау						
8	Мұғалімдермен түсініспеушілігі		55%	64.5%	55%	80%	75%

Ұсыныс:

1. Оқушы білімін көтеруде ата-ана тарапынан ат салысу, үнемі байланыста болу.
2. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеру.
3. Зерттеу нәтижесіне байланысты түзету жұмыстарын жүргізу.

9 сыныптар бойынша жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар:

2022-2023 оқу жылында жоспар бойынша, бейіндік оқытуға байланысты кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстың түрлері.

1. А.Е. Голомшток. «Профильдік қызығушылығын анықтау»

Психопрофилактикалық жұмыстың түрлері.

Психологиялық профилактикалық жұмыстар өте маңызды, себебі жеке тұлға және ата-анасы кешенді зерттеулердің нәтижелерімен танысу қажет. Зерттеудің нәтижесі, бала мен ата-ананың сұранысы, ойлаған мақсаттары бір болып жатса, ал кейде, баласы мен ата-анасының ойы сәйкес келмей жатқан кездер де кездесті.

I. Оқушылармен жұмыс:

9- сынып оқушылары «Маған қай мамандық ұнайды», «Ыстық орындық», «Аялы алақан» тақырыбында тренингтер жүргізілді.

II. Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналар жиналысы барысында:

- «Өзінді гүлге теңе» танысу тренингі.
- Бағдарлы оқытудағы психологиялық қызметтің рөлі (Дәріс)
- Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесімен таныстыру;
- Мектеп директорының атына сұраныс жазғызу сауалнама алу;

Психологиялық кеңес беру.

Оқушы мен ата-аналарға, мұғалімдерге жеке кеңес жұмыстарын жүргізілді

Қорытынды жұмыс.

Жоспар бойынша жұмыс аяқталған соң бала және ата-ананың ойын соңғы рет тыңдап олардың арасындағы қарым-қатынасы, көз-қарасы бір арнадан шыққанда

1. Мектеп директорының атына болашақта баласының қай бағытта оқитыны туралы, ата- ана сұраныс жазылды
2. Ата-ана мен бала сұранысын ескере отырып жалпы сыныптар бойынша, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бөлінді.

№	Сыныбы	Оқушы саны	Жаратылыстану-математика	Қоғамдық - гуманитарлық	Колледжге түсетіні	Мектепте қалатыны
1	9 «А»	21	9	12	6	15
2	9 «Ә»	24	9	15	7	17
3	9 «Б»	22	15	7	3	19
4	9 «В»	23	10	13	11	12
5	9 «Г»	21	7	14	6	15
6	9 «Д»	23	7	16	13	10
		134	57	77	46	88

Ұсыныс: Бағдаралды бағыт бойынша, ата-аналар мен оқушыларға психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу.

Шешімнің жобасы: Бағдаралды бағыт бойынша, ата-аналар мен оқушыларға психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілсін.

9 сынып оқушыларының кәсіби бағытын анықтау мақсатында психологиялық кешенді зерттеу жүргізілді.

11 сынып оқушыларынан алынған тесттер:

Мектеп бітірушілермен Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық.

Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп-лицейі бойынша психологиялық қызмет 2022-2023 оқу жылына жоспар құрылып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

1. А.Е Голомшток әдісі «Профильдік қызығушылығын анықтау» картасы

Мақсаты: Тұлғаның қызығушылығын қабілетін анықтау.
 Қызығушылық картасы 29 қызмет саласына бағытталған.
 174 сұрақтан тұрады.
 Тесттің нәтижесі төмендегідей:

Сыныбы	математика	тарих	физика	биология	Қазақ әдебиеті	География	Құқық	шет тілі	бейнелеу
11 «А»		1-5%	12-60%	5-25%		1-5%			1-5%
11 «Б»		1-8,3%	5-41,6%	2-16,6%	2-16,6%		1-8,3%	2-16,6%	
11 «В»	2-10,5%		5-26,3%	7-36,8%	4-21%	1-5,2%			

3. «Аппельс» әдістемесі

Мақсаты: ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың мазасыздану және әлсіреу деңгейін анықтау

Сыныбы	11 «А»	11 «Б»	11 «В»
Барлығы	23	15	19
Жоғары	0-0%	0-0%	5-31,5%
Орташа	12-52,1%	8-53,3%	4-21,5%
Төмен	11-47,8%	7-46,6%	10-52,6%

Мазасыздану және әлсіреу пайызы жоғары көрсеткен оқушылармен жеке сұхбат жүргізілді. Талапкер назарына ҰБТ ге психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу. Мақсаты: талапкердің қызығушылығын, өзіне деген сенімділігін арттыру. Және де әр жүргізілген іс-шарадан соң төмендегідей тренингтер, жаттығулар, ойындар жүргізілді.

- «Сенімділік» тренингі
- «Автобус»
- «ҰБТ межесі»
- «Сілкіп таста»
- «Сиқырлы доп»

«Ақпан айы- жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық кеңес беру айлығы» болып жарияланды. Осыған орай жоспар жасалып, бекітіліп жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Айлық акцияның ашылу салтанатына 1-11 сыныптар аралығында оқушылар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері қатысты. «Қобалжу мен депрессияның шкаласы» тақырыбында психологиялық диагностика 9,10,11 сыныптардан 1.02.-8.02. күндері алынды. «Өмірді тану-өзіңді тану» тақырыбында оқушыларға психологиялық қызықты тесттер ұйымдастырылды. «Әр бір қиын мәселенің шешілетін жолы бар» тақырыбында психологиялық бір күндік акция 11 сыныптармен 10.02.күні өткізілді.

«Мен кеше, мен бүгін, мен ертең», «Баршаға бақыт тілейміз», «Шынайы достық» тақырыптарында 13.02.-17.02 күндері 5 сыныптар арасында эссе жазу ұйымдастырылды. «Адам өз өмірінің суретшісі» тақырыбында сурет байқауы 6,7 сыныптармен 13.02.-17.02.күндері аралығында өтілді. 17.02. күні 9,10 сыныптармен «Кибербуллинг, буллингке тосқауыл қояйық!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Күлкі көңіл айнасы», «Достық аралы», «Менің арманымдағы мектеп» тақырыбында плакаттар галереясын 8 сыныптармен 20.02.-24.02. күндері аралығында өтті. «Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбында психологиялық кеңестер 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілді. «Тұлғаның қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында 27.02. күні 10 сыныптармен тренинг сағаты өткізілді.

ЮНИСЕФ жобасы бойынша жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде атқарылуда. «Жамбыл облысы бойынша 2015-2020 жылдарға арналған кәметке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алуға байланысты бағдарламаның енгізілуі жөнінде Білім және Ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің және Ішкі істер министрліктерінің бірлескен бұйрығымен бекітіліп, «Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» тақырыбында ата-аналарға дәріс сабағы өткізіліп және олардың балаларынан сауалнама алынатыны жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар осы бағдарламаның жүргізілуіне мектеп мұғалімдерінің де алар орны ерекше екенін айта келе, оқушылар күндізгі белсенді уақытының бір бөлігін мектепте өткізетінін, олардың эмоционалдық көңіл-күйі мен іс-әрекетіндегі өзгерістерді байқағанда сынып жетекшісі немесе мектеп психологтарына мәлімдеу керек екені айтылды.

Мұғалімдерге психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігі түсіндіріледі. Бағдарлама аясында жүргізілетін жұмыс түрлерімен таныстырып, ата-аналарды ақпараттандыру, мектеп қызметкерлерін оқыту, оқушылардан сауалнама алу, хабардарлығын арттыру. «Егер де біз тәуекел топтағы баланы дер кезінде анықтайтын болсақ, оның өз-өзіне қол жұмсау қаупін сейілететін боламыз», бағдарлама бойынша мектеп ұжымының алатын орны ерекше екенін айтып өткеніміз дұрыс.

Кемшілік:

1. Жеке қаралыммен оқитын оқушылармен жұмыстарды жандандыру, жеке кеңес дәптер арнау және де ата-аналармен тығыз байланыста болу.
2. Дарынды оқушыларды анықтауда 5-11 сынып оқушыларынан түгел қатыстыру.
3. Барлық психологиялық диагностика жұмыстарды Google диск форматына ауыстыру.

Ұсыныс:

1. Әр сыныптағы алшақталған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, әр баланың ерекшелігін ескере отырып жұмыс жасау;
2. Психологиялық ахуалы нашар болған сыныптардың жетекшілеріне жалпы сынып пен, әр оқушымен жұмыстар жүргізіп отыруын қадағалау;
3. Сынып жетекшілері оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыра отырып, бір-бірімен қарым-қатынасын, болашаққа деген үміттерін арттырсын;
4. Тәрбиесінде қиындық тудырған немесе девиантты мінез-құлықты балаларға ата-ана және мектеп тарапынан қадағалау күшейтілсін.

Мектеп психологтары:

**А. Қарабаева
М. Абдрашимова**